

А.И. Сейтимова*, Е.Е. Түйте

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(e-mail: sejtimova_a@mail.ru, eldos_t_e@mail.ru)

Құбегілік кәсібіне байланысты кейбір сөздердің шығу төркіні

Қай халықтың болмасын тіл байлығы өзі өмір сүріп отырған қоршаған орта жағдайымен, күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен айналысатын кәсібіне байланысты артып отыратыны белгілі. Халқымыз өте ерте замандардан жыртқыш құстарды қолға үйретіп, саятшылық кәсібіне айналдыру арқылы құбегілікке қатысты лексиканы жасаған. Мұндай лексика жыртқыш құс атаулары мен олардың іс-әрекеттерінен, түрлі құрал-саймандардың негізінде тілімізге орнығып, бүгінде тура және ауыспалы мағынада актив қолданылады. Мақалада тілімізде құбегілік кәсібіне қатысты қалыптасқан кейбір сөздердің, атаулардың этимологиясы берілген. Олардың білдіретін мағынасы, жасалу жолдары, қай тілдегі сөзден алынып жасалғандығы дәлелді түрде келтірілген. Түсіндірме, этимологиялық сөздіктер арқылы және лингвист, этнограф ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, құбегілікке қатысты атаулардың білдіретін мағыналарына түсініктемелер берілген. Көркем шығарма мысалдары арқылы олардың қолданысы жан-жақты талданған. Құбегілікке қатысты сөздердің жасалуы синтетикалық, аналитикалық тәсіл арқылы жүзеге асатындығы және олардың көбіне қазақ, моңғол, араб тілдерінен енген сөздер арқылы жасалынғандығы анықталған.

Кілт сөздер: құбегілік, кәсіп, қазақ тілі, лексика, этимология, сөз, сөз тіркесі, тұрақты тіркес, ұлттық мәдениет.

Kipicne

Құбегілік өнері адам баласы ақыл-ойының жетілуіне, оның икемділік қасиетінің артуына әсер етті. Күнкөріс пен демалыстың ғана емес, сөздік қорымызды байытудың бірден бір жолы саятшылық өнері, оның ішінде құбегілік кәсібіне қатысты қалыптасқан сөздер мен сөз тіркестерінің шығу төркінін білу біз үшін аса маңызды. Олай болса, осы өнер саласында қолданылатын кейбір сөздердің этимологиясына, ол сөздердің тіліміздегі қолданысына тоқталып көрелік. Тілімізде құбегілік өнердің эстетикалық сұлулығын тап өзіндей көз алдына тарта салатын небір көркем теңеулер, айшықты сөз орамдары, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер бар. Қазақ тілінің сөздік құрамын байытуда құбегілікке қатысты атаулардың алатын орны ерекше. Осындай негізге қалыптасқан тілдік деректерді халық арасынан, көркем шығармалардан жинастырып, оларды бір жүйеге түсіріп, тілдік және танымдық тұрғыдан жан-жақты талдау бүгінгі күні аса қажет. Құбегілік лексикасын тілдік тұрғыдан арнайы зерттеудің негізінде халқымыздың өткендегі әлеуметтік-экономикалық өмірінен, ұлттық мәдениеті мен тарихи даму кезеңдерінен құнды әрі мәнді деректер аламыз және қазіргі қазақ тілінің лексикалық қабаттарын анықтауда практикалық және теориялық тұрғыдан маңызы өте зор. Олай дейтініміз, тіліміздің байлығы осы аталғандармен өлшенеді.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Құбегілік кәсібіне қатысты қолданылатын атаулардың этимологиясын білу арқылы олардың семантикасын, жасалу уәжін, тілдік қарым-қатынаста қандай мақсатта жұмсалып тұрғандығын аңғаруға болады. Осы мақсатта мақаланы жазу барысында жинақтау, талдау, салыстыру әдісі кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, қазақ тілінің этимологиялық сөздігі, қазақ және орыс тілінің түсіндірме сөздіктері, көне түркі тілінің сөздігі, В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий», Н. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі» сияқты еңбектер пайдаланылды. Әр атаудың қандай тілден алынып, қандай әдіс-тәсілдер арқылы жасалғандығы, қандай мағына беретіндігі, басқа тілдерде бар баламалары арқылы салыстырылып беріліп отырды. Мысалы, көне түркі тілінің сөздігін пайдаланудың негізінде ителгі атауының аналитикалық тәсілмен жасалғандығы анықталды. С. Мұқановтың айтуынша, бұл сөзді кит — «собака», ел — «птица, похожая на орла» деген түсініктеме береді. Сонда бұл сөздің жасалуына өзінің жемін құлату үшін аяғымен ит сияқты қағып ұратын,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: sejtimova_a@mail.ru

яғни иттей елгі деген әрекет себеп болып тұрғандығын көреміз [1]. Екіншіден, ит те, құс (ел) та саятшылық, аңшылық үшін қолданылады, арасында белгілі бір байланыс бар. Сонда ит және ел деген күрделі атауға -гі сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы ителгі деген атаудың жасалғандығын айтуға болады. Міне, осыған ұқсас талдаулар арқылы біз құсбегілікке қатысты кейбір атаулардың шығу төркінін, семантикасын ашуға талпыныс жасадық.

Нәтиже және оның талқылануы

Құсбегілікке байланысты лексика халқымыздың өткендегі өмірінен, аң аулау мен саятшылық кәсіптерінен құнды да мәнді деректер береді. Сол себепті осыған қатысты сөздердің шығуы мен олардың жасалу жолдарын зерттеу өзекті болмақ. Енді құсбегілік атауларына қатысты кейбір сөздердің этимологиясы мен олардың мағыналарын ашып көрсетейік.

Қансонар.

Бұл «қан» және «сонар» деген екі сөздің тіркесуі арқылы жасалған және де осы қаз-қалпында бүгінгі біздің қазақ тілінде ешбір өзгеріссіз қолданылатын тіркес. Мысалы: *«Қан сонарда бүркітші шығады аңға...»* (Абай). Алғашқы қан сөзінің түпкі мағынасына көз жүгіртсек, көне түркі тілінде қан — адам немесе оның қаны, «билеуші», «әмірші» және т.б. мағыналарды берген [2].

Р. Әлімбаевтың айтуынша, құспен аң аулаудың мәнісі — саятшы адам аңды өзі атып алмай, әдейі үйретілген, еті қатқан, бапталған қыран құспен алдырады. Аңды құспен ілдіру мылтықпен не басқадай әдіспен аулаудан гөрі өнімді келеді. Құспен аң аулау әр жерде әр түрлі болған. Оның себебін географиялық жағдаймен байланыстыруға болады [3].

Ал Уахатовтың пікірінше, моңғол тілінде хон — «тыныштық», хон жэн» — «жым-жырт тыныштық» деген мағынаны береді. Ал «сонар» сөзі көне түркі моңғол тілдерінде кездеседі, сонымен қатар бүгінгі қырғыз тілдерінде бірнеше мағынаны береді:

1. Жаңа жауған жұқа қар;

2. Жаңа жауған қардан кейін итпен немесе құспен аң аулау;

Осымен қатар:

Сонар куу — жабайы аңдардың артына түсу;

Сонарлаш — аңға бірге шыққан жолдас;

Сонун — жақсы, ыңғайлы, алғашқы қызық т.б. [4].

Этнографиялық әрі фольклорлық материалдарға қарағанда адамның аңға, аңның адамға айналу сенімі бір кездегі аңшылардың, құсбегілердің аң терісін жамылып, жасырынып жүруінен аңға, құсқа ұқсап, соның бар қимыл-қозғалысын салып қайталаудан шыққан секілді.

Орыс тілінің В. Даль сөздігінде сонорить (охотиться на лыжах за дикими козами, открывать след, проследивать, выслеживать зайцев по свежевывавшему осеннему снегу) деген етістікті формалы сөздің алдыңғы біз сөз қылған сонармен тікелей қатысты екендігін көруімізге болады [5]. Демек, «қан сонар» дегеніміз» — «алғашқы қардан кейінгі тым-тырыс уақыт» деген ұғымды білдіреді.

В. Радловтың көрсетуі бойынша, қырғыз тілінде сону — жан адам баспаған қар; ешкім тимеген жер. Якут тілінде сонор / сонун // сонуо //соно — күздегі бірінші жауған қар (кейде сонор хар); ізді байқауға қолайлы жаңа жауған қар; жаңалық, жаңа; сонун — жаңа; сонун қәпсән — жаңа әңгіме; сонун оғо — жаңа туған бала; сонун тыл — жаңа тіл; моңғол тілінде һони(н) — жаңалық хабар; қызықты, тамаша; жаңа, беймәлім, ғажайып, һонинтай — қызықты, мұнда с ~ һ дыбыстары ауысқан (моңғ.) һоно, қаз. сона; ұйғыр тілінде сону — дәп-дәл; қазақ тілінде соны — тың, жаңа. Жоғарыда келтірілген сонар // сонур // сону // соны // сонун // һонин сөздерінің түбірі біреу-ақ, ол сон, ал -ар // -р // ур // -у // -ы // -ун // -ин — бұлардың барлығы жалғау-жұрнақтар. Сонда сон түбір сөзі «жаңа, тың, алғашқы, бірінші»; «басқаларға қарағанда дұрысы, тәуірі, қолайлысы» деген мағыналарды беретінін байқаймыз. Ал сонар сөзінің қазіргі уақытта беретін «жаңа жауған ұлпа қар», немесе «жаңа жауған ұлпа қардан кейін аң аулауға шығатын мезгіл» деген мағыналары, әрине, оның ауыспалы мағыналары. Сонда о баста қан сонар... тіркесі «алғашқы қардан кейінгі тым-тырыс уақыт» деген ұғымды білдірген болу керек» [6].

Саят.

Бұл сөздің түпкі шығу төркіні араб тілінен енген. Жалпы, араб тілінде саят сөзінің екі мағынасы бар:

1. Саят — жаман қылық. Мысалы: *«Адамды қақ жолында бабан саят, Айтамын жаным ашып сізге шаят, Жаныңда жан жок, денең әммәсі өлі, Илапа арамдықпен таппа тоят».*

2. Саят (сайятун) — бұл аңшы, сонаршы, балық аулаушы дегенді білдіреді. Осы саяттың өзі екіге бөлінеді:

I. Саят (сайятун) — аңшы, сонаршы, аушы болса,

II. Саят (сайдун) — а) аңшылық аулау ә) жабайы құс [7].

Мысалы: «Саятқа оның құмарлығы сондай, қай кезде ас ішетінін білмейсің». Осыдан келіп тіліміздегі саят сөзіне байланысты бірнеше сөздер пайда болған. Мысалы: саяттану — дайындалу, әзірлену; саятшы — аңшы, сонаршы, балық аулаушы; саятшылық — аңшылық, сонаршылық, балық аулаушылық.

Алдыңғы біз сөз қылған бірінші саятпен (сайятун) екінші саяттың (сайятун) айырмашылығы біздің тілімізде екеуінің де сыртқы тұлғасы, яғни формасы ұқсас болғанымен араб тілінде екеуінің жазылуы әр басқа және беретін мағыналары да әртүрлі.

Салбурын.

Бұл сөздің шығу төркініне қатысты бірнеше нұсқа бар. Салб араб тілінде — «түлкі», ұрын — қазақ тілінде «тығылу, жасырыну» дегенді білдіреді. Сонда жасырынған түлкіні аулау деген мағынаны береді. К. Юдахин осы сөзге «ұжымдасып, алысқа аңға шығу» деп анықтама береді. Сөз төркінін ашуға моңғол тілінде толық мағынасы бар золбирах — «кезбелікке салыну, қаңғыру, үй-күйсіздікке ұшырау, жақын адамдарынан оқшаулану», салбар, салбарлах — «бөліну, бөлектену, топтану» секілді тұлғалар септігін тигізеді [8].

Қазақ аңшыларының топ-тобымен бас қосатын кезі — салбұрын құрып, аң аулау. Салбұрынға ондап, жүздеп, бірнеше жүзге дейін аңшылар қатысып, аңы мен құсы мол жерлерге саят жасап, апта-лап, айлап жүреді. Ат-көлікті сайлап, абылайша, қос-күркелерін, азық-түліктерін, киім-кешектерін артып, жорыққа шыққандай болады. Салбұрынға құсбегілер, қырағы мерген, қағушы мен дабылшы, жылбұрынды атшы, ыспар қазаншы, т.б. алуан түрлі кәсіпшілер, өнерлілер қатысады. Сайын далада өткен небір салбұрындардың іздерін әлі де байқауға болады. Сарыарқада құлан, киік, ақбөкен аулауға арналып қазылған орларды топтасып аң аулаудың белгілері деп қарау керек. Хан жігіттер мен нөкерлерінің салбұрынға шығуы салтанатты өткен. «Қасымхан Сарайшыққа келіп, әкесі Жәнібекке арнап ас беріп, ұлан-асыр той жасап, ат бәйгесін өткізіпті. Бәйге аттары Сарайшық пен Үйшіктің (қазіргі Атырау, аралары 50 шақырымдай) арасында жосылыпты. Қыс түсе Еділ мен Жайықтың арасында хан салбұрыны өтіпті. Қырық сан Қырымнан, Қазақ-Созақтан 1000 құсбегі қатысыпты. Сөйтіп Еділ мен Жайықта ұшқан құс, жүгірген аң қалмапты...» [9]. Салбұрын сөзі қазақтарда ертеректе аңшылыққа байланысты қолданылған. Бұл сөздің семантикасына талдау жасаған ғалым Е. Жанпейісов оның «ұзақ жолдық ұжымдық аң аулау» деген мағынасын көрсетеді. Шынымен, салбұрын сөзі «ұзақ жолдық аң аулау» мағынасында болғандықтан, сол уақытта аң аулаушылар «үй-жайсыз, ормандар мен далалықты кезіп, аң қуып» жүретіні белгілі. Мысалы:

«Тоғайдан кесіп алған тал құрығым,

Құрады аңшы жігіт салбуырын.

Жоғалдың зой жарамай амандыққа,

Артыңа байладың ба қалжуырын» (қара өлең) [8].

Бүркіт.

Бұл сөз қазақтың «бүр, бұру» етістігінен жасалған. Оның аңды не жемтігін аулау кезіндегі іс-әрекетінен туындаған атау болып табылады. Бүркіттің бірнеше түрі бар. Бұл турасында А. Айтмұқашованың мына бір пікірін келтірген жөн: «Әдетте саятшылар бүркітті үйретуіне қарай, екі топқа бөледі: түз бүркіт және қолбала бүркіт. Түз бүркіт — құсбегілердің тұзақ салып, жаба құрып, түзден қолға түсірген бүркіті. Қолбала бүркіт — құсбегілердің бүркітті ұядағы балапан кезінде қолға түсіріп, кішкене кезінен баулыған бүркіті. Бүркіт — таулы, далалы жерлерді мекендейтін тегеуріні қатты ірі жыртқыш құс. Бұл құстың атауы көне түркі тілдерінде ус тұлғасында жазылып, айтылатын болған. Бірақ бүркіт атауы алтай тілдік ұясына жататын түркі және моңғол халықтарының ортақ лексиконынан табылады. Бұл атау моңғол тілінде бүргэд дыбыстық құрамында кездеседі. Н. Уәлиұлының пікірінше, «бұл сөз біздің қазіргі тілімізде, түбір мен қосымшаға бөлінбейтін біртұтас сөз. Сөз тарихына үңілсек, бұл атаудың түп-төркіні бұру етістігімен байланысты екенін байқаймыз. Ғалым Б. Қошым-Ноғайдың пайымдауынша, бүркіт көне атауы көне түркі тіліндегі бур+үк+ыт морфемаларының бірігуі арқылы жасалған. Бур түбірі бүктеу етістігінің мәнін ұғындырады. Сонымен тілдік деректер кірігу процесін бастан кешкен бүркіт (бур+үк+ыт) атауы бастапқы кезде бұл жырт-

тқыштың өз жемін бүріп, бүктеп алатын қасиетіне байланысты қойылғандығын айғақтайды. Сонда бала бүркіт дегенді балапан бүркіт деп түсінуге болады» [10].

Бүркітті қазақ халқы ерекше қастерлейді. Бүркіт көшпенділер үшін көк тәңірісі ретінде танылып, қасиетті құс болып есептеледі. Қазақ бүркіттің тұяғына дейін қасиет тұтып, оны үйдің төріне не бесігіне іліп қойған. Бұл — әртүрлі қатерден, пәле-жаладан қорғайды деген сенімнің белгісі. Қыран құсы өлсе, иесі «арулап» таза жерге жерлейді. сондай-ақ бүркіт — еркіндік, тәуелсіздіктің белгісі. Бүркіт қазақ халқының «төл мақтанышы», құдайдан қазақ халқына «еншілеп берген құсы». Сондықтан қазақ оны қасиеттеп, ән-жырына қосқан.

Сұңқар.

Аңшылық кезінде ұсақ құстар мен аңдарды ұстауға пайдаланылатын, өте жоғары ұшатын қыран құс. Мысалы: «Құстың бәрі сұңқар болмас, аттың бәрі тұлпар болмас». Бұл сөздің этимологиясы түркі тілдерінен бастау алады. «Древнетюркский словарь» атты еңбекте соңқор деп берген [11]. Ол «кречет» деген мағынаны білдіреді. Демек, ол да құс, бүгінгі біз сөз қылған сұңқар ұғымында.

Лашын.

Қаршыға тұқымдас қыран құстың бір түрі. Мысалы: «Қаратоғайлардың басына ұя салған қара қарғалар, жұмыртқасын шағып ішетін, я балапанын іліп әкететін ителгі, қаршыға, лашын, қарақұстармен төбелеседі де жатады». «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» және халықтың этимологиясына сүйенсек, бұл сөздің ең әуелі түрі түркі тілдерінен шыққан деген жорамал жасауға болады [12, 156]. Себебі, В.В. Радловтың аталмыш еңбегінде лаш — «добывать добычу» деп берілген тіркестерді көзіміз шалады [6]. Ал ын болса, ол зат есім тудыратын жұрнақтардың бірі екендігі сөзсіз. Мысалға; жабын, табын, жалын т.б.

Ителгі.

Ұсақ айуандар мен құстарды аулауға пайдаланылатын, аспанда құстарды аяғымен теуіп құлататын, жыртқыш құс. Мысалы: «Ал бүркіт, қаршыға, шәулі, тұйғын, ителгі сияқты аң аулайтын құстарды томағалап қоймаса тұрмайды» [12]. Бұл сөздің этимологиясы да көне түркі тілдерімен тығыз байланысты. Бұл сөз яг пен ел деген екі сөздің бірігуі арқылы жасалған күрделі сөз екендігін жорамалдап және де «Древнетюркский словарь» атты сөздіктен мағыналарын біршама ашуға болады [11]. Бұл сөздікте: ит — «собака», ел — «птица, похожая на орла» деген сөздерді кездестіреміз. Сонда бұл жерден аңғаратынымыз ит те, елі де аңшылық, құсбегілік саятқа қолданылады. Бұл құс өзінің жемін құлату үшін аяғымен ит сияқты қағып ұрмақшы, яғни иттей елгі деген мағынаға ие болады деуге болады. Сонда ит және ел зат есіміне + -гі сөз тудырушы жұрнақ жалғанып тұр.

Тұйғын.

Қаз, үйрек т.б. ұстап қоректенетін, лашын тұқымдас жыртқыш құс. Мысалы: «Лашынның тұйғын, көкжәндег дейтін түрлері бар, олар да қыран келеді» [12]. Бұл сөздің этимологиясы көне түркі тілінде «туйқары, туйқун» деген сөздермен тығыз байланысты. Оның беретін мағынасы — «белый соколь» [2]. Бұл сөз тек қана фонетикалық өзгерістерге түсіп, мағынасы жағынан жақын екендігі көрініп тұр.

Қыран.

Бүркіт, қырғи, қаршыға, ителгі сияқты алғыр құстардың жалпы атауы. Мысалы: Бір кезде қыран құстың қарасы қылаң ете қалды [9]. Қыран — қазақтың төл сөзі. Ол — жүйрік, алғыр, жылдам, ал ауыс мағынасында батыр, ер жүрек деген сөздермен синонимдес. Мысалы: қыран бүркіт, қыран құс, қыран жігіт т.б. Ал өзбек тілінде қыран деген «мемлекет» дегенді білдірсе, ұйғырша қирон «держав» дегенді білдіреді [1]. Бірақ соңғы екеуінің де біз сөз қылып отырған қыранға ешбір қатысы жоқ.

Ескерту: Тілімізде сайып қыран деген тіркес бар. Ол да «ер, батыр» дегенді білдіреді, бірақ мұның біз сөз қылған қыраннан шықпағандығын ескерген жөн.

Сайып қыран — араб сөздері сахиб (серік, жолдас, ие, қожа) және кіран (тоғысу, қосылу, одақтау) деген екі тіркестің қосындысы. Сонда бұл «бақытты, жұлдызы оңынан туған, жолы болған адам» деген ұғымды білдіреді [7].

Томаға.

Қыран құстың басына көзін бастырта кигізіп қоятын былғары қапшық. Мысалы: «Дағдылы қолмен томағасын сыпырып алды да, Ержан бүркітін қоянға қарай сермен қояды» (Ғ. Мүсірепов. Шығармалар жинағы). Бұл сөздің ең бастапқы түбірі көне түркі тілінен бастау алады. В.В. Радловтың аталмыш еңбегінде томағаға байланысты екі түрлі сөз берілген [6]. Бұл екеуінің сыртқы тұлғасы жағынан ұқсастықтары аздап болғанымен, кейбір фонетикалық өзгерістерімен қатар, беретін мағыналары да елеулі айырмашылықтарға ие. Мысалы:

I. Томақа:

1. Птичье перо на шапке султана.
2. Колпакъ, надеваемый на голову охотничихъ птицъ.

II. Томоқо:

Колпачек надеваемый на глаза охотничихъ птицъ.

Демек, I томақа — басқа тұтас кигізілетін болса, II томоқо — тікелей көзге қатысты берілген. Алайда екеуінің де атқаратын қызметі біреу ғана. Тіл динамикалық күйде болғандықтан, бұл екеуі де қазіргі кездегі мағынасынан алшақ кетпей, бір ғана томаға деген сөзді береді.

М. Қашқари сөздігінде «томлығ» дыбыс құрамындағы тұлғаның бірінші мағынасы — «суық, салқын» болса, туынды, ауыспалы түсінігі — «көңілсіздік, қаталдық» [10]. Тілімізде құрылысы жағынан әртүрлі, мағынасы жағынан бір-біріне жақын мынадай туынды сөздердің бар екені белгілі: томаға, тымақ, тұмылдырық, топы (диалект, тақия мағынасында). Бәрі де адамның, құстың басына, иттің тұмсығына кигізілетін затты білдіреді. Аталған сөздердің түбірлері (том, тұм, тым, топ) тілімізде қосымшаларсыз қолданылмайды. Алайда академик Ә.Т. Қайдар том, тұм, тым, төм сияқты түбір сөздердің беретін мағынасы — бір жағы дөңгелекше, сопақшалау болып, екінші жағы (жоғары жағы) тұйықталып, төменгі жағымен салыстырғанда жіңішкелеу келетін затты, ұғымды білдіреді» дегенді айтады [13]. Тілімізде үндемейтін, оқшауланып жүретін адамды томаға тұйық деген тұрақты тіркеспен сипаттайды.

Тұғыр.

Қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, ителгі т.б.) қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы. Мысалы: *Құстың тынығып қонып отыратын арнаулы ағаш тұғыры болады* (Ш. Айманов «Қыран»). Бұл сөз де бастапқы түбірін көне түркі тілінің тоқур деген сөзінен алады. Тоқур көне түркі тілінде — «подставка для охотничихъ птицъ» деген ұғымды берген [6]. Бұл түбір бүгінгі күнде де тілімізде тек қана кейбір фонетикалық өзгерістері болмаса, сол алғашқы қалпында, мағынасын сақтап қалған күйінде кездеседі.

Тілімізде «тұғырынан тайды», «тұғыр жабары» сияқты тіркестер бар. Алдыңғысы қыран құстың қартаюымен, шөгуімен байланысты айтылса, соңғы этнографиялық мәндегі сөз орамы. Құс сүйер қауым арасында істелетін кәде. Қыран құсты сұрап, қолқа сала келген адам «тұғыр жабары» деп қалы кілем жапқан ат немесе түйе, басқа да асыл заттарды сыйға тартатын болған.

«Ат өлсе, ер-тоқым үйілер, құс өлсе, тұғыры күйінер» дейтін қанатты сөз қалған. Қазақ тілінде мекен, орын мағынасын беретін тұрақ, тұрық сияқты сөздер бар екені белгілі.

Құсбегілер тіліндегі қолданылатын тұғыр термині жоғарыдағы келтірілген сөздерден метатеза құбылысы арқылы пайда болған (қыр/ғыр). Себебі тұғыр сөзі негізгі мағынасын жоғалтпай, тұрақ, тұрық сөздерінің бір варианты ретінде қалыптасты. Қазіргі кезде спорттық термин ретінде қолданылады: тұғырдан секіру, жеңіс тұғырына көтерілу [8].

Тұзақ.

Әртүрлі құстарды ұстау үшін, қылдан есіліп жасалатын аңшылық құралы. Мысалы: *«Құсты ұстаудың бірінші құралы тұзақ көрінеді»* (Ш. Айманов «Қыран»). Бұл сөздің этимологиясына көз жүгіртсек, өзінің бастапқы түбірін сонау көне түркі тілдерінен алады. В.В. Радловтың еңбегінде осыған байланысты мынандай сөздер берілген:

Тузак — «петля, силок, ловушка, засада» [6]. Яғни, бұлардың да біз сөз қылған тұзақпенен қатысы бір жерден шығады. Тек қана фонетикалық өзгерістер болмаса, бұл сөздің де өзіміздің төл сөз екендігіне еш күмән туғызбауымыз керек. Осыған байланысты қазіргі кезде қылтұзақ, жемтұзақ деген күрделі сөздер тілімізде, саятшылықта жиі кездеседі.

Қапас.

Құстарды аулау үшін құрылатын тор. Бұл сөз біздің тілімізге араб тілдері арқылы енген [7]. Араб тілінде мұның беретін бірнеше мағынасы бар:

1. Тор (құс үшін).
2. Тор ыдысы.
3. Көкірек, төс қуысы.
4. Ауыспалы мағынада ыстық, қапырық.

Мысалы: *«Біз — ұзақ қапастағы тұрған қалып,*

Сіз сұңқар аспандағы жүрген шалып» [13]. Бұл сөздің құсбегілік кәсібіне байланысты қолдану аясы айтарлықтай кең.

Ақжем.

Суға салып, қанын кетіріп жегізетін ет. Мысалы: «*Түндегі асқан еттен бүркітке деген бір кесегін суға салдырып, ақжем қылдырып қойған*» [12]. Бұл сөз ақ және жем деген екі сөздің бірігуі арқылы жасалған. Ақ — бұл түркі тілінен бері бүгінге дейін өзгермей сақталған түсті білдіреді. Ал «жем» болса, ол да төл түркі сөзі екенін жоғарыда (пища) сөз еткенбіз [14]. Сонда түні бойы етті суға салып, боп-боз ақжем қылып қояды. Себебі, қансыз етке құс семірмейді. Сондықтан да құс жемінің боп-боз болуына байланысты ақжем деген сөз пайда болған. Осы сөздің негізінде күні бойы суда жүрген адамға «аяғың ақжем болып қалыпты ғой» деген халықтық тіркестер де пайда болған.

Тегеурін.

Бұл — құстың, қыран құстың алдыңғы үш тырнағына (жембасарына) қарсы біткен артқы жалғыз тырнағы [12]. Мысалы: «*Мұның ой құсы екеніне қолмен ұстағандай тағы бір дәлелім анау жембасары мен тегеуріні салалы жатыр*» (А. Сейдімбеков).

Бұл сөздің ең әуелгі бастапқы түбірі түркі сөздерінен болып табылады. В.В. Радловтың аталмыш еңбегінде бұл сөз тегаур формасында келген [6]. Ол онда мынандай мағыналарды берген:

1. Задний коготь хищных птиц;
2. Захват когтями (у хищных птиц).

Демек, біз сөз қылған тегеурін сонау түркі тілдерінен бері түбірін сақтап қалған және өзінің бастапқы түбіріне -ін зат есім тудырушы жұрнағын жамаған.

Жембасар.

Бұл — қыран құстың алдыңғы үш тырнағы. Бұл сөз негізінен «жем» және «басар» деген сөздердің бірігуі арқылы жасалған. Себебі, «жем» сөзі «Древнетюркский словарь» атты сөздікте «пища и напитки» деген ұғымды білдіреді [11, 255]. Ал «бас» болса өзіміздің төл түркі тілінен келе жатқан етістік және сол етістікке көсемшенің -ар жұрнағы жалғану арқылы жасалып тұр. Сонда, «тырнағымен жемін басып жеу» деген тіркеске сайма-сай болғандығы көрініп тұр.

Қанат.

Құстардың, жәндіктердің т.б. ұсақ ұшатын мақұлықтардың ұшу мүшесі. Мысалы: «Сұңқар да сұңқарлығын етпей қоймас, қанаты жанған өртке шарпылса да» [12]. Бұл сөздің арғы түбірі моңғол тіліндегі қана «үлкен қауырсын» деген сөзбен тығыз байланысты. Ал -т болса, көне түркі тіліндегі және бүгінгі қазақ тіліндегі сирек кездесетін көптік жалғауы. Яғни, -т жалғану арқылы «үлкен қауырсындар» немесе «қанат» деген бүгінгі күндегі тіліміздегі түбір сөзді туғызып тұр.

Жабын.

Құстардың қатты қауырсындары. Мысалы: «*Үстіңгі жағында қатаңдау серпімдірек келетін қауырсындары болады, олар жабын қауырсын деп аталады*» [12]. Бұл сөздің этимологиясы көне түркі тілінен бастау алады. Көне түркі тіліндегі жап, жабу етістігіне -ын зат есім тудырушы жұрнағының жалғануы арқылы жабын деген сөз туып тұр. Жабын — көне түркі тілінде «покрываться» деген мағынаны берген [6]. Сонымен қатар жабыңқы — «одеяло» деген де сөз кездеседі. Яғни, көне түркі тіліндегі жабынның ауыс мағынасынан бүгінгі күндегі құстардың «қауырсындары арқылы жабынуы» деген ұғым туады.

Тырқақ.

Бұл құстардың тырнағы немесе тұяғы деген ұғымдағы сөз. Бірақ бүгінгі күнде бұл сөз фонетикалық өзгеріске түскен. Көне түркі тілдерінде осыған байланысты мынандай сөздер кездеседі: тырқақ — коготь, коготь птицы. Мысалы: тырқақтық (тырқақ+лық) — имеющий когти [6].

Ескерте кететін бір жай, бұл сөз тырнақтың ең әуелгі формасы емес. Себебі, тырнаққа байланысты этимология өз алдына, бөлек қарастырылған.

Қомдану.

Құстың ұшуға талпынуы. Мысалы: «*Қыран құс бір қомданды да, қанатын қағып-қағып ұша жөнелді*» [12]. Бұл сөздің ең әуелгі түбірі көне түркі тіліндегі қом сөзі. Ол әуел баста «погружать что-л» деген мағынаны білдірген [6]. Осыдан бертін келе бастапқы түбірге -да етістік тудырушы жұрнақ пен -н етіс жұрнағының әсері арқылы қомдан (у тұйық етістік) сөзі пайда болған. Яғни, тұтастай алғанда беретін мағынасы — «қанатына күш салу».

Қалықтау.

Құстың қанат қақпай ұшып жүруі. Мысалы: «*Бойын бір аспан әлеміне шығып жазайын дегендей қыран құс төбеде ерекше қалықтайды*». Бұл сөздің соңғы -та бөлігі — есім сөздерден етістік тудыратын өнімді жұрнақ. Мысалы: бапта, сақта т.б. Бірақ бүгінгі қазақ тілінде қалық деген дербес сөз жоқ. Көне түркі тілдерінде «қалық» сөзі «аспан, көк», «жоғары үйдің жоғарғы қабаты, жоғарғы орын»

мағынасын берген. Көне түркі тілінде қалы етістігі де кездеседі: *quali* — жоғары көтерілу, шарықтау, секіру [11]. В.В. Радлов еңбегінде: қалы — секіру, көтерілу. Алтай, тува тілдерінде қалы — секіру секіріп ату:

Халы — 1) секіру 2) жүгіру [6]. Сөйтіп «қалық» деген есім сөз қалы етістігі мен –ы(қ) жұрнағы арқылы жасалған да, бүгінгі біздің тіліміздегі өнімді –та етістік тудырушы жұрнағын жалғап, қалықта (у тұйық етістік) формалы етістігін тудырып тұр.

Саңғырық.

Құстың қағы, нәжісі, қиы. Мысалы: «*Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас, үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас*» [6]. Бұл сөздің түбірі — көне түркі тілінде кездесетін саң сөзі. «Древнетюркский словарь» атты еңбекте саң — «птичей помёт» деп берген [8]. Сол көне түбірге бүгінгі күнде -ғы зат есім тудырушы жұрнақ жалғанып саң+ғы, яғни «яғни құстың нәжісі, қи шығаруы» деген ұғымды білдіреді. Содан келе -рық жұрнағының көмегімен саңғырық — құстың нәжісі, қиы деген мағынаға ие болып тұр. Мысалы: «*Сырмаққа жүкқан саңғырықтан жиіркенген Ақан болысты бір ауыз өлеңмен қағытып кеткен*» [12].

Қорытынды

Қорыта келгенде, құсбегілік кәсібіне қатысты сөздердің шығу төркінін білу арқылы ең алдымен олардың жасалу жолдарын, екіншіден, тіліміздегі соларға қатысты қалыптасқан басқа да ауыспалы мағынадағы қолданыстарды дұрыс түсіне алып, керегімізге жарата аламыз. Құсбегілік өнері тек қана уақыт өткізу мен қызыққа батудың сәті ғана емес, біз үшін, халқымыздың өткен тарихы мен мәдениетін білу, айналысқан кәсібінің негізінде сөздік қорымызды байытудың таптырмас амалы әрі өскелең ұрпақты еңбексүйгіштікке, өжеттілік пен алғырлыққа баулитын тәрбиенің басты құралы десек, артық айтқандық емес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу / С. Мұқанов. — Алматы: Жазушы, 2002. — 304 б.
- 2 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1966. — 240 б.
- 3 Әлімбаев Р. Өнер / Р.Әлімбаев. — Алматы: Қайнар, 1972.
- 4 Уахатов Б. Алтын бастау / Б.Уахатов. — Алматы: Рауан, 1993.
- 5 Даль В. Русский толковый словарь / В. Даль. — М., 1956. — 699 с.
- 6 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий / В.В. Радлов. — СПб., 1905. — 630 с.
- 7 Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік: [2 томдық] / Н. Оңдасынов. — Алматы: Мектеп, 1989. — 286 б.
- 8 Қосбасаров Е. Бүркітшілік терминдері жайында / Е. Қосбасаров // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1988. — Б. 141-154.
- 9 Бабалықұлы Ж. Саят / Ж. Бабалықұлы, А. Тұрдыбаев. — Алматы: Қайнар, 1983. — 10 б.
- 10 Айтмұқашова А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтническая семантика: филол. ғыл. канд. ғыл. ... дисс. авторефераты. Мамандығы 10.02.02. — қазақ тілі / А.А. Айтмұқашова. — Алматы, 2007. — 31 б.
- 11 Древнетюркский словарь. — Л., 1969. — 677 с.
- 12 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [10 томдық] / Жалпы редакциясын басқарған А. Ысқақов. — Алматы, 1961.
- 13 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. — Т. VI / Ә. Қайдар. — Алматы: Сардар, 2014. — 256 б.
- 14 Хинаят Б. Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы / Б. Хинаят, Қ.М. Исабеков. — Алматы: Алматы-кітап, 2007. — 208 б.

А.И. Сейтимова, Е.Е. Туйте

Происхождение некоторых слов, связанных с птицеводством

Языковое богатство любого народа формируется в зависимости от условий окружающей среды, в которой он живет, от особенностей его повседневной жизни и быта. Казахи создали лексику, связанную с обучением ловчих птиц охоте с очень ранних времен. Такая лексика основана на названиях хищных птиц и их действиях, а также связана со средствами и приспособлениями для их приручения. Эти наименования в современном языке используются как в прямом, так и в переносном значении. В статье дана этимология некоторых слов, имен, сложившихся в нашем языке относительно данного ремесла — приручения ловчих птиц охоте. Авторы статьи обращают внимание на семантические и

этимологические особенности каждого из таких непереводаемых на другие языки названий. Анализируют примеры из художественных произведений, где объясняются их значения, способы образования и особенности употребления в языке. С помощью толковых, этимологических словарей и на основании мнения ученых-лингвистов, этнографов дают толкования выражаемых значений имен, относящихся к искусству охоты с ловчими птицами. Авторы доказывают, что такие слова и выражения образованы синтетическим и аналитическим способами от слов, заимствованных из казахского, монгольского и арабского языков.

Ключевые слова: птицеводство, профессия, казахский язык, лексика, этимология, слово, словосочетание, фразеология, национальная культура.

A.I. Seitimova, Ye.Ye. Tuyte

The origin of some words associated with the profession of birding

The linguistic wealth of any nation is formed depending on the environmental conditions in which it lives, on the characteristics of its daily life and way of life. The Kazakhs created vocabulary related to the training of hunting birds of very early times. Such vocabulary is based on the names of birds of prey and their actions, they are also associated with the means and devices for taming them. These names in modern language are used both in direct and figurative meaning. The article gives the etymology of some words, names that have developed in our language regarding this craft of taming hunting birds. The authors of the article pay attention to the semantic and etymological features of each of these untranslatable names into other languages. They analyze examples from works of art, where their meanings, methods of formation and features of use in the language are explained. With the help of explanatory, etymological dictionaries and on the basis of the opinions of linguists, ethnographers give explanations of the expressed meanings of names related to the art of hunting with birds of prey.

The authors prove that such words and expressions are formed by synthetic and analytical methods from words borrowed from Kazakh, Mongolian, Arabic languages.

Keywords: birding, profession, Kazakh language, vocabulary, etymology, word, phrase, phraseology, national culture

Referenses

- 1 Mukanov, S. (2002). *Khalyq murasy: Tarikhtyq-etnografiyalıq sholu [Folk heritage: historical and ethnographic review]*. Almaty, Zhazushy [in Kazakh].
- 2 (1966). *Qazaq tilinin qysqasha etimologialyq sozdigi [Brief etymological dictionary of the Kazakh language]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 3 Alimbayev, P. (1972). *Oner [Art]*. Almaty: Qainar [in Kazakh].
- 4 Uakhatov, B. (1993). *Altyn bastay [Golden spring]*. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 5 Dal, V. (1956). *Russkii tolkovyi slovar [Russian explanatory dictionary]*. Moscow [in Russian].
- 6 Radlof, V.V. (1905). *Opyt slovaria turkskikh narechii [The experience of the dictionary of Turkic dialects]*. Saint Petersburg [in Russian].
- 7 Ondasynov, N. (1989). *Arabsha-qazaqsha tusindirme sozdik [Arabic-Kazakh explanatory dictionary]. In 2 volumes*. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 8 Kosbasarov, E. (1988). *Burkitshilik terminderi zhaynda [About Berkutchi terms]. Qazaq tili tarihi leksikologiyasynyn maseleleri - Problems of historical lexicology of the Kazakh language*. Almaty: Gylym, 141-154 [in Kazakh].
- 9 Babalikuly, Zh., & Turdybayev, A. (1983). *Sayat [Falconry]*. Almaty: Qainar [in Kazakh].
- 10 Aitmukasheva, A.A. (2007). *Guryptyq folklor leksikasy: idioetnikalyq semantika [Vocabulary of Traditional Folklore: Idiomatic Semantics]. Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 11 *Drevneturkskii slovar [Old Turkic dictionary] (1969)*. Leningrad [in Russian].
- 12 Isqagov, A. (Ed.). (1961). *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]*. In 10 volumes. Almaty [in Kazakh].
- 13 Kaidar, A. (2014). *Gylymdagy gumyr [Life in science]*. Vol. VI. Almaty: Sardar [in Kazakh].
- 14 Khinayat, B., Isabekov, K.M. (2007). *Saiatshylyq qazaqtyn dasturli anshylygy [Falconry is a traditional Kazakh hunting]*. Almaty: Sardar [in Kazakh].